

"Modern Trading Solutions"  
тауар биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің  
2024 жылғы 29 сәуірдегі  
хаттамасымен бекітілді



**"Modern Trading Solutions" тауар биржасы" АҚ брокерлері үшін міндетті мүшелік жарналарды төлеу ережелері**

1. Осы "Тауарлық биржа "Modern Trading Solutions" АҚ міндетті мүшелік және жылдық жарналарды төлеу ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының "Тауарлық биржалар туралы" Заңының 14-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 294-НҚ "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 "Биржалық сауда ережелерін бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының 8-тармағына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және "Тауарлық биржа "Modern Trading Solutions" АҚ(бұдан әрі – МТС Биржасы) брокерлердің кіру және жылдық мүшелік жарналарын төлеу тәртібін айқындайды.
2. Міндетті мүшелік жарналарды анықтау мақсатында жарналар келесіге бөлінеді:
  - 1) Кіру жарнасы – МТС Биржасының мүшелігіне кіру үшін бір реттік жарна;
  - 2) Жылдық мүшелік жарна – МТС Биржасының биржалық платформасында жұмыс істеу үшін жыл сайынғы жарна;
  - 3) Осы Ережелердің 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген МТС Биржасына міндетті жарналар барлық әлеуетті үміткерлер үшін міндетті болып табылады.
  - 4) МТС Биржасы мен Брокер арасында келісім бойынша кіру жарнасы мен жылдық мүшелік жарнаның басқа да түрлері мен мөлшері белгіленуі мүмкін, олар қосымша келісіммен немесе биржалық сауданы ұйымдастыру қызметтерін көрсету шартының шарттарымен рәсімделеді.
  - 5) Кіру және мүшелік жарналардың мөлшерін [www.webmts.net](http://www.webmts.net) сайтында көрсетілген тарифтерге сәйкес белгілеу.